ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 03 мамыр №2301-24-00-2/1002 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебекова,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебекованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебековадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.05.2024

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева

Көшірмесі дұрыс

Сот төрағасы А.Б.Саудабаев

Анықтама: шешім заңды күшіне 2024 жылдың 13 маусымында енді.

Сот төрағасы А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.05.2024

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

13.06.2024 № 2301-24-5-21/8786

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына
/ЭҚАБЖ/

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебекованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы бойынша 2024 жылғы 03 мамырда шыққан шешім көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі 1 -дана.

Сот төрағасы **А.Саудабаев**

Орынд.: Исембаева Р. М.
тел.: 8-7122-20-18-18, 712-2465@sud.kz

Құжатты жасаған: ИСЕМБАЕВА Р. М., 8-7122-20-18-18, 712-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: САУДАБАЕВ А. Б., 13.06.2024 20:34